

Ақтөбе облысы әкімдігінің  
2021 жылғы «04» ақпандағы  
№ 28 қаулысымен бекітілді

Қазақстан Республикасының  
Әкімшілік жүйесі

21.08.2021

234-1904-12/111

210240012360

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің «Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебі»  
(мектеп жанындағы интернатымен) коммуналдық мемлекеттік  
мекемесінің жарғысы**

### 1. Жалпы ережелер

1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебі» (мектеп жанындағы интернатымен) коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мекеме) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыру функцияларын іске асыру үшін ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес, коммуналдық мемлекеттік мекеме болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеме түрі: жалпы орта білім беретін мектеп.

3. «Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебі» (мектеп жанындағы интернатымен) коммуналдық мемлекеттік мекемесі Ақтөбе облысы Әкімдігінің 2021 жылғы «04» ақпандағы № 28 қаулысымен құрылды.

4. «Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебі» (мектеп жанындағы интернатымен) коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Ақтөбе облысының әкімдігі болып табылады.

5. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі Мекеменің тиісті саласын басқару жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – Тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады. «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Мекеменің мемлекеттік мүлкін басқару жөніндегі уәкілетті органы (бұдан әрі - Мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органы) болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебі» (мектеп жанындағы интернатымен) коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Мекеменің орналасқан жері: 030800, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шұбарқұдық ауылдық округі, Шұбарқұдық кенті, Қызылжар мөлтек ауданы, 156 құрылысы.

### 2. Мекеменің заңдық мәртебесі

8. Мекеме мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

9. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

10. Мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Құрылтайшы субсидиарлық жауапты болады.

12. Мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитеті Ақтөбе облысы бойынша қазынашылық департаментінде міндетті тіркеуден өткен соң күшіне енеді.

### 3. Мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

13. Мекеме қызметінің мәні - ұлттық және жалпы адами құндылықтар, ғылым жетістіктері мен оның тәжірибесі негізінде жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуына бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.

14. Мекеменің мақсаты: оқушылардың жалпы ғылыми және мәдени дайындықтарын қалыптастыру, мамандықты саналы түрде таңдау үшін негіз қалыптастыру, қоғамның шығармашылық қуатын дайындау, мектеп оқушысының жеке тұлғасын, ар-намысын қадірлеу, оған сену, оның жеке мақсаттары мен мүдделерін қабылдау мекеме қызметінің мақсаты болып табылады.

15. Мақсатқа жету үшін мемлекеттік мекеме келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- мектепке дейін, мектепалды, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыру;
- білім беру мекеме қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жұмысын ұйымдастыру;
- оқу жоспарлары, бағдарламалар, оқу құралдар, ғылыми, әдістемелік, анықтамалық әдебиеттерді әзірлеу;
- психологиялық диагностика мен тестілеу өткізу;
- семинар, конференция, байқау, олимпиадалар ұйымдастыру;
- концерттер мен көрмелер ұйымдастыру;
- білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау;
- тұлғаның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке бастың дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектін байыту;
- азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез-келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

- белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

-әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен Республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу;

- мемлекеттік тілді, орыс, шет ел тілдерін меңгеру;

- педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

- білім беру ұйымдарының еркіндігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруда демократияландыру және орталықсыздандыру;

- қоғам мен экономиканың қажеттілігіне жауап беретін білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;

- оқытудың жаңа технологияларын тиімді пайдалану және ендіру;

- оқушылардың кәсіптік бағдарлануын жүзеге асыру;

- қосымша білім беру, сауықтыру, спорттық қызметтерді көрсету (оның ішінде ақылы);

Коммуналдық мемлекеттік мекемеге жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

Білім беру мекемесінің міндеттері:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;

3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерттеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;

6) педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

7) білім беру ұйымдарының еріктілігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру;

8) қоғам мен экономиканың қажеттілігіне жауап беретін білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі.

Мекемеге жарғыда бекітілген қызметтердің мәні мен мақсатына сәйкес келмейтін қызмет

16. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі Тиісті саланың уәкілетті органының немесе Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Мекеменің жарғыдан тыс әрекетін жүзеге асыруға бағытталған басшының іс-әрекеті еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік шаралар мен материалдық жауапкершілікке тартылады. термен айналысуға, сондай-ақ келісімдер жасауға тыйым салынады.

18. Білім беру мекемесінің барлық қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған шараларды ұйымдастыру.

#### 4. Мекемені басқару

19. Мекеменің құрылтайшысы келесі функцияларды іске асырады:

1) Мекеменің құрылуы, қайта құрылуы және таратылуы туралы шешім қабылдайды;

2) Мекеменің Жарғысын бекітеді, өзгерістер мен толықтырулар енгізеді

3) Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен бекітілген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

20. Мекеменің мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңдылықтармен бекітілген мына функцияларды жүзеге асырады:

1) Мекеме мүлкінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен бекітілген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

21. Мекемені басқаруды тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

22. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңдылықтармен бекітілген мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Мекемені қаржыландырудың жеке жоспарын бекітеді.

2) Мекемені басқару органдарының құрылымын, қалыптасу тәртібін және мерзімін анықтайды;

3) Мекеменің мүлкін сақтауға бақылау жасайды.

4) Мекеме басшысының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін анықтайды;

5) Мекеменің құрылымын және штаттық саны шегін бекітеді;

6) Мекеме басшысының ұсынысымен оның орынбасарын (орынбасарларын) лауазымға тағайындайды және босатады;

7) Жылдық қаржылық есепті бекітеді;

- 8) Уәкілетті органға мемлекеттік және жеке шаруашылық қызметі нәтижесінде алынған мүлікті қайтарып алу және қайта бөлу бойынша келісім берілі;
- 9) Мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органның келісімімен Мекеменің қайта құрылуы мен таратылуын жүзеге асырады.
- 10) Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен бекітілген басқа да функцияларды жүзеге асырады.
23. Мекеме басшысы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын құру арқылы тиісті саланың уәкілетті органымен тарауындайды.
24. Мекеме басшысы басшылық қағидағарында әрекет етеді және мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен анықындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.
25. Мекеме басшысы Мекеме қызметінің жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының заңдылықтарына сәйкес:
- 1) Мекеме мүлкінің сақталуына және қаржы-шаруашылық қызметіне дербес жауап береді;
- 2) Мекеме атынан сенімхатсыз барлық органдарда оның мүддесін білдіреді, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік» туралы Заңы шегінде мекеме мүлкіне иелік етеді, келісім шарттар жасасады, кепілхаттар береді, банктік есеп-шоттар ашады және басқа да әрекеттерді жүзеге асырады. Мекеменің барлық қызметкерлеріне міндетті бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді;
- 3) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды, келісім-шарттарды бұзады, ынтығандырады, Қазақстан Республикасының заңдылықтарына қайшы келетін жағдайларда шара қолданады;
- 4) Мекеме қызметкерлерінің міндеттері мен құзырларын белгілейді;
- 5) Мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шараларын қабылдауға бағытталған директордың тікелей жауапкершілігімен белгіленетін шаралар қабылдайды;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, осы Жарғымен және уәкілетті органмен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.
26. Мекемені басқару Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы», «Білім туралы» заңдарына және орталық атқарушы органдар, жергілікті атқарушы органдар мен жергілікті органдар, білім басқармасының жергілікті органдарының қаулыларына, нұсқаулықтарына, өкімдеріне, бұйрықтарына, сондай-ақ осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.
27. Мектепті жалпы басқару 9 адамнан тұратын сайлаушы орган - мектеп Кеңесімен жүзеге асырылады. Оның 5 мүшесі – педагогикалық ұжымнан, 3 мүшесі – ата-аналардан, 1 мүшесі – 9-11 класс оқушыларынан болады.
- Мектеп Кеңесіне мүшелікке мектеп қызметкерлерінің жалпы жиналысында (педагогикалық кеңесте) тандауынады (саны шектеусіз, бірақ он екі адамнан кем болмауы тиіс).

Ата-аналардан үміткерлер жалпы мектептің ата-аналар жиналысында немесе сыныптың ата-аналар жиналысында сайланады (саны ерікті, бірақ 6 адамнан кем болмауы тиіс).

Оқушылардан үміткерлер 9(10)-11(12) сынып оқушыларының жалпы жиналысында немесе сынып жиналыстарында анықталады (саны ерікті, төртеуден кем болмауы тиіс).

28. Мектеп Кеңесінің өкілеттілігі:

а) Мектептің даму Тұжырымдамасын бекіту жөніндегі ұсыныстарды енгізеді.

б) Мектептің жергілікті актілерін бекітеді:

- оқушыларға арналған талаптар,
- құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер,

в) директор немесе құрылтайшы құзыретіне қатысты емес мектеп өміріндегі басқа да маңызды сұрақтарды шешуге қатынасады.

Мектеп Кеңесінің отырысы төрағасының немесе Кеңес мүшелерінің жартысының талабы бойынша қажет жағдайда, жарты жылдықта бір рет (кем болмауы тиіс) шақырылады. Кеңес шешімі ашық дауысқа салумен қабылданады. Мектеп Кеңесінің шешімі отырысқа мүшелердің үштен екі бөлігін қатынасқан кезде ғана заңды болып есептеліп, кеңестің тізімдегі мүшелерінің жартысынан көбі дауыс берген жағдайда шешім қабылданады.

Мектеп Кеңесінің өкілеттілігі бойынша қабылданған шешімдер мектеп ұжымының барлық мүшелеріне және әкімшілікке міндетті болып саналады. Мектеп Кеңесінің отырыстарында хаттамалар жүргізіледі, Кеңес төрағасы мен хатшысының қолдары қойылып, мектеп іс-қағаздарында сақталады.

29. Күрделі педагогикалық және әдістемелік мәселелерді, оқу-тәрбие процесін зерттеуді ұйымдастыру және озық педагогикалық тәжірибелерді тарату және зерттеу мақсатында мектепте педагогикалық кеңес жұмыс жасайды.

Мектеп ұжымының жалпы жиналысы (педкеңес) мына жағдайларға құқылы:

а) Жарғыны жасайды және талдайды;

б) мектеп кеңесінің сайлаулары бойынша екі жылда бір рет конференцияға делегаттар сайлауға;

в) Мектептің «Ішкі еңбек тәртібінің ережелерін» талқылап, бекітуге.

Мектептің барлық педагогикалық қызметкерлері және қосымша қызметтегі мұғалімдер педагогикалық кеңестің мүшелері болып табылады. Директор педагогикалық кеңестің төрағасы болып табылады. Ол педагогикалық кеңестің хатшысын бір жылға өз бұйрығымен тағайындайды.

30. Педагогикалық кеңестің құзыры:

а) педагогикалық кеңес жөніндегі ережеге сәйкес қызметін жүргізеді;

б) ұсыныстар мен сыни ескертпелердің орындалуына бақылау жасайды;

в) мектептің ішкі тәртібі ережелерін белгілейді;

г) оқушыларды қорытынды, аралық аттестаттаудан өткізу тәртібін белгілейді;

д) әр тоқсанда бір рет өткізіліп, хаттамамен рәсімделінеді.

Кәсіподақ комитеті:

- мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, ұжымдық еңбек шартын жасайды;

- директормен бірлесе отырып, қызметкерлерді материалдық жақтан мадақтау және педагогтердің оқу жүктемесі мәселелерін шешеді.

31. Мектепте ерікті түрде оқушылардың өзін-өзі басқару органдары мен оқушылар ұйымдары жұмыс жасауына болады (жоғары сынып оқушыларының Кеңесі). Олар оқушылардың өзін-өзі басқару органдары туралы Ережеде көрсетілген өкілеттілікке сәйкес басқаруға қатынасады.

32. Басқару органдарының оқушылардың мүддесіне қатысты сұрақтарды талдау кезінде отырыстарына мектеп оқушылар ұйымының өкілін қатыстыра алады және оқушы ұйымдарына қажетті ақпараттар ұсына алады.

33. Қоғамдық ұйым ретінде мектепте сынып және мектептің жалпы ата-аналар комитеттері жұмыс жасайды. Сыныптардағы ата-аналар комитеті жиналыс шешіміне сәйкес сайланады. Сайланған мүшелерден төраға мен хатшы таңдап алынады.

34. Мекеменің ата-аналар комитетінің құзыры:

а) кез-келген формада материалдық көмек қажет оқушыларға үміткерлерді талқылап, тізімін бекітеді;

б) мектептің ата-аналар комитетінің төрағасы шешуші даусы бар мектеп Кеңесінің мүшесі болып саналады;

в) ата-аналар комитеті Ереже негізінде жұмыс жасай алады. Барлық ата-аналар комитеттері мектеп өмірінің мәселелерін талқылауға, ұсыныс ретінде шешім қабылдауға құқылы.

г) ата-аналар комитеттері өз отырыстарын мектептің іс-қағаздарында сақталатын хаттамалармен рәсімдейді.

35. Сол сияқты пәндер бойынша әдістемелік бірлестіктер, кафедралар, ғылыми-әдістемелік кеңес, қорғаншылық кеңесі сияқты алқалық кеңестер құрылуы мүмкін, олардың жұмыстары ҚР Заңдарына сәйкес құрылымдық бөлімдер Ережесімен реттеледі. Барлық алқалық органдардың жұмысы мектептің Үлгі ережелеріне сәйкес реттеледі.

Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру тізімі

36. Мекеме төмендегідей білім беру бағдарламаларын ұйымдастырды:

- мектепке дейінгі білім деңгейі ( шағын-орталық (3жастан -5 жасқа дейін) мектеп алды кластары).

- бастауыш жалпы білім – нормативті мерзімі - 4 жыл (1-4 сыныптар);

- негізгі жалпы білім – нормативті оқыту мерзімі - 5 жыл (5-9 сыныптар);

- жалпы орта білім – нормативті оқыту мерзімі – 2 жыл (10-11 сыныптар).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары іс-әрекет түрлерінің мектеп жасына дейінгі балалар үшін ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізінде әзірленеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары:

1) балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және сауықтыру тұтастығы принциптерін ескере отырып, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етеді;

2) әр баланың талабын, бейімділігін, қабілеттілігін, дарындылығын іске асыруға және оның даму ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, дара әдіс негізінде оны бастауыш білім берудің білім беру бағдарламасын меңгеруге даярлауға бағдарланады.

3) Мектепке дейінгі оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары оқудың, жазудың, есептеудің және тілдік қатынас тәжірибесінің қарапайым дағдыларын қалыптастырады және бастауыш білім беруді меңгеру үшін бірдей бастапқы жағдайларды жасауды көздейді.

Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары

4) Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен алғырлығын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары

5) Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталады.

Жалпы білім беретін оқу бағдарламасы

6) Жалпы білім беретін оқу бағдарламасы білім алушылардың бейін алды даярлығын қамтиды. Әрбір пәннің мазмұнын зерделеу негізгі орта білім беру деңгейінде аяқталады.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – бес жыл. Жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бейіндік оқытуды енгізе отырып, білім беру мазмұнын саралау, интеграциялау және кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленеді.

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі - екі жыл.

## 5. Мекеме мүлкін қалыптастыру тәртібі

37. Мекеме мүлкін бағасы оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мекеменің мүлкі мыналардың:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

38. Мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета құралдары бойынша бөлінген мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

39. Мекеменің қызметі облыстық бюджетінен қаржыландырылады.

40. Мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

41. Мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизия Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен Тиісті саланың уәкілетті органы және өзге де органдары жүзеге асырады.

## 6. Мекемеге қабылдау тәртібі

42. Бірінші класқа жаңа 6 жасқа толған және күнтізбелік жылда 6 жасқа толатын балалар қабылданады, балалардың ата-аналарынан немесе өзге де заңды өкілдерінен құжаттарды қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 сәуірінен мен 1 тамыз аралығында жүргізіледі.

43. Денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы жалпы білім беретін мектепке бара алмайтын балалар үшін үйде немесе емдеу мекемелерінде ақысыз дербес оқыту ұйымдастырылады (ҚР “Білім туралы” ).

44. Мектепке қабылдау «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі-портал) және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арқылы (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті беруші) қағаз түрінде жүзеге асырылады.

45. Оныншы бейіндік кластарға қабылдау оқушының оқытудағы қызығушылығы, бейімділігі және қабілеттілігі ескеріліп, оқушының жеке арызы, ата-ананың келісімі (заңды өкілдері) және мекен-жайы ескерілместен, негізгі білім туралы құжаты негізінде жүргізіледі.

46. Оқушыларды қабылдау кезінде мектеп ата-аналарды немесе өзге де заңды өкілдерді Жарғымен, білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиямен, ішкі тәртіп ережелерімен және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды реттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

## 7. Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру

47. Білім алушылардың сабақтарының тәртібі төмендегідей:

1- ауысым – сабақтың басталуы – 8.00;

2- ауысым- сабақтың басталуы -14.00

Сабақтың ұзақтығы – 40 минут және 5 күндік оқу жүйесі енгізілген.5-11-сыныптарда қосарланған сабақтар өткізуге болады;

48. Мектептегі оқу процесін ұйымдастыру үлгілік оқу жоспарының, сабақ кестесімен реттелетін мектептің өзі жасаған базистік оқу жоспарының негізінде құрылады. Мектептегі сабақ кестесі мектеп директорымен немесе оның міндетін атқарушымен бекітіледі.

49. Мектептегі оқыту мен тәрбиелеу қазақ тілінде жүргізіледі.

50. Негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беру бағдарламаларын игеру ҚР-ның Білім және ғылым министрлігімен бекітілген ережемен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын мектеп бітірушілерді міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

51. Мектеп білім алушыларды аралық аттестаттау нысандарын, тәртібін және мерзімін таңдауда дербестік таныта алады.

52. Мектеп ата-аналардың (немесе өзге де заңды өкілдердің) қалауы бойынша жалпы білім беру бағдарламаларын немесе олардың бір бөлігін игеру үшін күндізгі білім алу, экстернат және қашықтықтан білім алу нысанында оқуға жағдай жасауға ықпал етіп, көмек көрсетеді.

✓ 53. Мектептегі кластардың саны санитарлық нормалардың талаптары мен жалпы білім беру процесін жүзеге асыру жағдайларына байланысты анықталады. Кластардың толымдылығы 24 адамнан кем емес мөлшерде белгіленеді. Қажетті жағдайлар мен жабдықтар болған жағдайда кластарды аз мөлшердегі толымдылықпен комплектілеуге болады.

54. Мектептегі тәртіп оқушылардың және педагогикалық қызметкерлердің адамгершілік абыройын құрметтеу негізінде жүзеге асады. Оқушыларға дене және психикалық қысым көрсетуге жол берілмейді.

55. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие бағдарламалары оқу процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің патриоттық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және адамгершілік сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.

56. Білім беру ұйымдарында нәсілдік, этностық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айрықшалықты насихаттауға, милитаристік және халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпыға танылған принциптеріне қайшы келетін өзге де идеяларды насихаттауға тыйым салынады.

57. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол берілмейді.

58. Әскерге шақырылуға дейінгі және шақырылу жасындағы білім алушылардың негізгі орта білім беру базасындағы алғашқы әскери дайындығы - жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында іске асырылады.

59. Білім беру ұйымы ата-аналар мен кәмелеттік жасқа толмаған білім алушылардың өзге де заңды өкілдеріне оқу-тәрбие процесінің барысы мен мазмұнымен, сонымен қатар білім алушылардың үлгерімімен танысуға мүмкіндік береді. Мектепте оқу жылы қыркүйек айының бірінші күнінен басталады, егер де бұл күн жексенбіге сәйкес келсе, онда оқу жылы одан кейін бірінші жұмыс күнінен басталады. Оқу жылы 1 кластар үшін -33 апта, 2-11 кластар үшін оқу жылының ұзақтығы-34 апта.

60. Каникул уақыты әр жыл сайын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен айқындалады.

61. Бірінші кластарда балалардың мектеп талаптарына бейімделуін жеңілдету мақсатында 1- класс оқу жүктемесін біртіндеп өсірілетін сабақтардың «сатылы» тәртібі енгізіледі, яғни I,II тоқсанда – 35 минут, III тоқсаннан бастап ұзақтығы – 40 минут.

62. ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілген мемлекеттік стандартқа сәйкес жекеленген пәндер оқытуда кластарды екі топқа бөлу жүзеге асырылады.

63. 2017-2018 оқу жылында 2,5,7-сыныптар, 2018-2019 оқу жылында 3,6,8-сыныптар; 2019-2020 оқу жылында-4,9,10 сыныптар, 2020-2021 оқу жылында 11 сыныптар жаңартылған білім мазмұнына көшті.

64. Оқушылар мен ата-аналардың мүдделерін ескере отырып және қабілеттерін дамыту мақсатында оқу жоспарының жылжымалы бөлігі есебінен кластарда қосымша пәндер енгізілуі мүмкін.

## **8. Білім деңгейін ағымдық бақылау, оқушыларды аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі**

65. Жалпы орта білімді игеру ол туралы ҚР Білім және ғылым министрлігімен бекітілген Ережелер тәртібі бойынша жүзеге асырылатын мектеп бітірушілерді міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

66. Аралық аттестаттаудың формасы мен өткізілу тәртібін мектеп белгілейді.

67. Білім деңгейін ағымдық бақылау класс журналының және оқушылар күнделігінің негізінде жүргізіледі. Білім бағдарламасын толық меңгерген оқушылар келесі класқа көшіріледі. Оқу мерзімінің жартысынан көп уақытын олардың жағдайына тәуелсіз себептермен жіберген оқушылар аттестатталмайды.

68. Ағымдық аттестаттау формасын мұғалім анықтайды. Тоқсандық немесе жартыжылдық баға ережеге сәйкес бақылау, практикалық және өзіндік жұмыс бағаларының арифметикалық ортасынан аспауы қажет.

69. Білім алушылар мемлекеттік емтиханнан ауруына байланысты медициналық комиссия қорытындысы негізінде босатылады. Емтиханнан босатуға құқық беретін аурулар тізімін ҚР Білім және ғылым министрлігі белгілейді.

70. 9(10) класс көлемінде білімді аяқтаған білім алушыларға негізгі орта білім туралы аттестат беріледі.

71. 11(12) класс көлемінде білім алған оқушылар жалпы орта білім туралы аттестат алады.

## **9. Білім алушылар, тәрбиеленушілерді мектептен шығару негізі мен тәртібі**

72. 16 жасқа толмаған балалар орта білім беру мемлекеттік ұйымынан ерекше жағдайларда ғана, құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасағаны, білім беру ұйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру ұйымының мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша шығарылады.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару шешімі қорғаншылық және қамқоршылық органының келісімімен қабылданады.

## 10. Қосымша ақылы білім беру қызметін көрсетудің тізбесі мен тәртібі

73. Мекеме ҚР Үкіметінің 2009 жылдың 20 шілдесінде бекітілген №1102 «Мемлекеттік білім беру мекемелерінде тауарларды (жұмыс, қызмет) жүзеге асыру бойынша ақылы қызмет көрсету Ережелері» қаулысына және басқа нормативтік-құқықтық құжаттардың рәсімделуіне қайшы келмейтін қосымша ақылы білім беру қызметін көрсете алады.

74. Мемлекеттік мекеме білім берудің мемлекеттік жалпы білім беретін стандарттарының талаптарынан тыс ақылы негізде мынадай қызметтер көрсете алады:

- қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейінділіктер мен қызығушылықтарды дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру) іске асыру.

- оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;

- пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқып үйренуді ұйымдастыру.

- білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагог қызметкерлер мен ересек жұртшылық арасында әр түрлі спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;

- музыка аспаптарын пайдалануға беру және интернет байланыстың қосымша қызметтерін ұсыну;

Қызметтер көрсететін білім беру ұйымы, білім алушының (тәрбиеленушінің), оның ата-анасының және өзге де заңды өкілдерінің немесе өзге де заңды өкілдердің өзара қатынастары шартпен реттеледі. Ақылы негізде тауарлар және қызметтер ұсынуға арналған үлгілік шарттың нысанын білім беру саласындағы мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

- білім алушы шарт жасасу кезінде бүкіл оқу кезеңіне шығыстарды бір мезгілде төлеген жағдайда төлем сомасы оқу мерзімі аяқталғанға дейін өзгермейтін болады.

- оқуға төлемді кезең-кезеңмен төлеген ретте, төлем сомасы жалақының ұлғаюы және инфляция индексі ескеріле отырып, жылына бір реттен артық емес өзгертілуі мүмкін.

75. Қосымша ақылы білім беру қызметіне жататындар:

- қосымша білім беру бағдарламалары бойынша қызметтер;

- арнайы курстарды және пәндер циклын қосымша оқыту түрі бойынша қызметтер;

- репетиторлық қызметтер (жекелеген оқушылармен оқу жоспарындағы сағаттардан тыс қосымша сабақтар өткізу);

- үйірме жұмыстарын ұйымдастыру қызметі (базистік оқу жоспарынан тыс);

- басқа да ақылы қызметтер.

76. Ақылы қызметтер мемлекеттік білімдік тапсырыс шеңберінде қаржыландырылатын негізгі білім беру қызметінің орнына көрсетілмейді.

77. Ақылы білім беру қызметі мемлекеттік стандартының негізінде жасалып, эксперт кеңесімен келісілген және Темір ауданының білім бөлімімен бекітілген оқу жоспары бойынша ұсынылады.

78. Базалық оқу жоспарынан түскен артық ақша қызметкерлерге өткізген сабақтары үшін бекітілген жалақы, қосымша үстеме ақы және ынталандыру сипатындағы басқа да төлемдерге және шаруашылық шығындарына, жабдықтар мен мүліктер сатып алуға жұмсалады.

79. Қосымша ақылы білім беру қызметінің тізімі қалалық эксперттік комиссияның шешімі және Темір ауданының білім бөлімінің бұйрығы негізінде мектеп бұйрығы бойынша бекітіледі.

80. Оқу жоспарын Темір ауданының білім бөлімінің келісімі бойынша мектеп директоры бекітеді.

81. Штаттық кестені Темір ауданының білім бөлімімен келісе отырып бекітеді.

82. Ақылы қосымша білім беру қызметі оқушыларға ата-аналарының қалауы бойынша мектеп пен ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің арасында жасалған келісім-шарт негізіндегі бөлек сабақ кестесі бойынша ұсынылады.

83. Мемлекеттік білім беру мекемелері ақылы негізде ұсынатын тауарлар (жұмыстарға және қызметтер көрсетуге) бағалары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілуге жатады.

84. Ақылы негізде қызметтер көрсететін білім беру ұйымдарының және білім алушының (тәрбиеленушінің), оның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдердің өзара қатынастары шартпен реттеледі. Ақылы негізде тауарлар (жұмыстар және қызметтер көрсету) ұсынуға арналған үлгілік шарттың нысанын білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

## **11. Мекеме мен оқушылардың, олардың ата-аналарының қатынастарын реттеу мен рәсімдеу**

85. Мекеменің жұмысы жергілікті актілердің келесі түрлерімен реттеледі:

- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрлігінің бұйрықтары;
- Білім беру басқармасы органдарының бұйрықтары;
- Мектеп директорының бұйрықтары мен жарлықтары;
- Ішкі тәртіп ережелері.

Білім беру үрдісі қатысушылары, олар оқушылар, мектептің педагогикалық қызметкерлері, оқушылардың ата-аналары (немесе өзге де заңды өкілдері) болып табылады.

86. Жаңадан келген әрбір балаға жеке іс-қағазы толтырылып, ол аталмыш мектепте оқушының білім алуының барлық мерзімінде толықтырылып отырады және сақталады. Басқа мектептен ауысып келген оқушылар жеке арыз, жеке іс-

құжат, дәрігерлік анықтама және басқа білім беру мекемесінен келгендігі туралы құжат негізінде қабылданады.

87. Мектеп оқушыларына ұлты, жынысы, тілі, жасы, денсаулық жағдайы, әлеуметтік, мүлкіктік және лауазымдық жағдайы, әлеуметтік шығу тегі, мекен-жайы, дінге қатынасына және нанымына тәуелсіз білім алуына кепілдік беріледі.

88. Мектеп оқушыларына мемлекеттік білім беру стандарты шеңберінде жалпы білімді тегін алуына кепілдік беріледі.

89. Мектеп оқушыларының мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес білім алуға, қосымша білім беру қызметтерін алуға, өзін-өзі басқару кеңесі және басқа да қоғамдық ұйымдар арқылы оқушылар ұжымын басқару істеріне қатысуға, ар-ождан бостандығына, адамгершілік абыройының құрметтелуіне, ақпараттар бостандығына, жеке адам мүддесіне қол сұқпаушылыққа, өзінің пікірін және білімді әділ бағалау сеніміне құқығы бар.

90. Оқушыларды қоғамдық-саяси ұйымдарға, қозғалыстарға мәжбүрлеп кіргізуге, сонымен қатар оларды осы ұйымдардың жұмысына мәжбүрлеп тартуға және үгіттеу компаниялары және саяси ағымдарға мәжбүрлеп қатыстыруға жол берілмейді.

91. Мектеп оқушыларының білім беру бағдарламасын тиісінше жүзеге асыратын басқа білім беру мекемесіне білім беру мекемесінің келісімімен және аттестаттаудан сәтті өтсе ауысуына құқығы бар.

92. Мектептегі оқу-тәрбие процесі оқушылардың денсаулық жағдайын есепке ала отырып жүзеге асырылады. Мектепте сырқаттанудың алдын алу, денсаулықты нығайту, денесін жетілдіру, тәрбиеленушілерді салауатты өмір салтына тәрбиелеуде қажетті шараларды орындау қамтамасыз етіледі.

93. Мектеп оқушылары білім беру бағдарламаларын өз еркімен мемлекеттік стандарт шеңберінде және одан жоғары көлемде меңгеруге, мектептің өміріне және қоғамдық пайдалы еңбекке белсенді қатысуға, мектептің ішкі тәртібінің ережесін және Жарғысын орындауға міндетті.

94. Жоғарыда баяндалған құқықтарды жүзеге асыру қоғамдық тәртіпті бұзушылық, ізгілік нормалары және денсаулықты қорғаудың басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтары нормаларын бұзумен үйлеспейді.

95. Мектеп оқушыларының міндеттері:

- ішкі тәртіп ережелерін сақтау;
- педагогтардың негізделген талаптарына бағыну;
- класта және жұмыс орнында тазалық сақтау, мектептің мүлкін ұқыпты ұстау;
- кішкентайларға қамқорлық жасау;
- салауатты өмір салтын жүргізу, мәдени деңгейін көтеру, қоғамға жат әрекеттердің көрініс алуына шыдамсыздықпен қарау;
- денсаулығын нығайту, дене тәрбиесімен айналысу, өзін белсенді ғылыми жұмысқа дайындау;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілер педагог қызметкердің ар-намысы мен қадір-қасиетін, өздері білім алатын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге міндетті.

-міндетті мектеп формасы (қыздар- ақ жиде, көк костюм, жакет, юбка, қара туфли: ұлдар- ақ көйлек, көк костюм, жакет, шалбар, қара туфли), спорттық киімдер мен екінші аяқ киімі болуға тиіс.

- мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды.

- «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығын басшылыққа алу.

- білім алушылардың міндеттерін бұзғаны үшін оларға ішкі тәртібінің ережелерімен көзделген шаралар қолданылуы мүмкін.

96. Оқушыларға тыйым салынады:

- Мектепке қару, спирттік ішімдіктер, темекі өнімдерін, токсикологиялық және наркотикалық заттарды әкелуге, басқа біреуге беруге, қолдануға;

- Жарылысқа және өртке әкеліп соқтыратын кез - келген заттарды қолдануға;

- Қарым-қатынасты шешу үшін, қорқытуға, күш қолдануға;

- Итеру, бір нәрсені лақтыру, қорқыту арқылы талап ету, зорлық жасау сияқты айналадағыларға қауіпті кез келген әрекеттер істеуге.

- Әр түрлі конфессиялардағы діни бірлестіктердің киімдері мен элементтерін қосуға

( хиджаб, никаб, шапан, бетперде, сикхтар сәлдесі, иудейлер бас киімі, «ірі» христиандық кресттер және т.б ), сонымен қатар бас киімдер (орамал, кимешек, береткалар);

- Мектеп формасына аксессуар ретінде – көлемді сырғалар, түйреуіштер, әйкелдер, сақиналар, мойын орамалдар, жарқын макияж және маникюр, жарқын ерін далабын, көлемді тоғалы белдіктер, әдеттен тыс шаш бояуға.

- Жарылысқа және өртке әкеліп соқтыратын кез - келген заттарды қолдануға;

- Қарым-қатынасты шешу үшін, қорқытуға, күш қолдануға;

- Итеру, бір нәрсені лақтыру, қорқыту арқылы талап ету, зорлық жасау сияқты айналадағыларға қауіпті кез - келген әрекеттер істеуге;

Қарулар:

- Барлық атыс қаруы(пистолет,револьвер,винтовка,шолақ мылтық және т.б)
- Атыс қаруының көшірмесі немесе соған ұқсайтын қару;
- Атыс қаруының құрастырушы бөлігі (оптикалық құралдар/көздеуіштерден басқа)
- Газды қару;
- Пневматикалық тапанша, винтовкалар және шарлы қару;
- Сигналды тапанша, ойыншық тапаншалардың барлық түрі;
- Шеге қағу мен болттарды қағатын өндірістік құрылғылар;
- Арбалеттер, катапульттар, сүңгілер және найзалы құралдар;
- Жан-жануарларды жансыздандыруға арналған құралдар;
- Мүйізді малдарды басқаруға арналған естен тандыратын немесе ұрып – соғатын құралдар;
- Атыс қаруы түрінде жасалынған тұтатқыштар;

- Травматикалық және жарық – дыбыстық патрондарымен ұңғысыз қару;
- Электрошокты құрылғылар.

#### Қадалғыш/кескіш қарулар мен өткір заттар

- Балталар, сүңгілер мен найзалардың түрлері, мұз шапқыштар;
- Жылжымалы немесе лақтыратын жүзі бар кез келген ұзындықтағы пышақтар;
- Металдан немесе басқа да мықты материалдан жасалынған ықтимал қару ретінде ұсталынатын кез келген ұзындықтағы пышақтар;
- Ас үй пышақтары;
- Аң аулайтын (аңшылық) пышақтар;
- Ашық ұстаралар мен өткір лезвиелер (қауіпті және бір реттік қосымша лезвиесі бар ұстараларды қоса);
- Қылыштар мен семсерлер, қылыштың тұтқасы;
- Скальпелдер;
- Металды жұлдыздар;
- Қадалғыш немесе кескіш қару ретінде қолданылатын өнеркәсіптік құрал – жабдықтар, есіктерге арналған темір тескіштер мен бұрғылар, шапқылар, қызмет көрсету пышақтары, аралар, бұрағыштар, балғалар;
- Бұрандылар;
- Тері астына дәрі беретін және тоқитын инелер;
- Жүзінің ұзындығы 60 мм асатын қайшылар;
- Жүзінің ұзындығы 60 мм асатын жиналмалы, бүктемелі жолға арналған пышақтар;
- Бекіністі құрал- саймандар;

97. Мектептің оқушылар ұжымының жұмысы мектептің Кеңесімен ұйымдастырылады. Оқушылар кеңесінің жұмысы оқудың сапасын көтеруге, тәрбие жұмыстарын арттыруға, оқушыларға қатысты қаржы мәселелерін шешуге, мектептің материалдық-техникалық базасының сапалылығына, қоғамдық пайдалы еңбекке, оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруға бағытталған.

98. Мектеп оқушылары кеңесінің шешімі егер ол Қазақстанның білім беру саласындағы заңдылықтарына және осы Жарғыға қайшы келмеген жағдайда, барлық оқушыларға орындауға міндетті сипаттағы шешім болып табылады.

99. Мектеп оқушылары өзіне-өзі қызмет көрсетуге және қоғамдық пайдалы еңбек түрлеріне жасы, жынысы, дене мүмкіндіктеріне қарай денсаулықтарын қорғау және тазалық талаптары мен нормаларын ескере отырып тартылады. Еңбектің санитарлы-гигиеналық нормалары мен қауіпсіздік техникасының сақталуын бақылау мектеп әкімшілігіне, медициналық қызметкерге, мұғалімдерге, класс жетекшілері мен мектеп кеңесіне жүктеледі.

100. Оқушыларды қоғамдық тапсырманы орындау, спорттық және басқа шараларға қатысу үшін сабақтан босатуға, мұғалімдердің және оқушылардың пікірлерін есепке ала отырып, мектеп әкімшілігінің рұқсатымен белгілі бір жағдайларда жол беріледі. Туристік саяхаттар және экскурсиялар директордың бекіткен мерзімі ішінде педагогикалық қызметкерлердің басшылығымен өтеді.

101. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес жасы 14-ке жеткен жастарды өндірістік еңбекке дайындау үшін олардың денсаулығына және сабақ уақытынан тыс тәрбие ісіне кедергі келтірмейтін жұмысқа қабылдауға және еңбекке баулуға, олардың ата-аналарының біреуінің немесе оларды алмастырушылардың келісімімен жұмысқа алуға және еңбекке тартуға жол беріледі.

102.18 жасқа толмаған оқушылар үшін демалыс уақытындағы жұмыс кезінде жұмыс уақытын қысқарту белгіленеді:

16-дан 18 жасқа дейінгілер – аптасына 36 сағаттан артық емес;

14-тен 16 жасқа дейінгілер – аптасына 24 сағаттан артық емес.

103. Жұмыс жасайтын оқушылардың оқу жылы барысындағы сабақтан бос кездегі жұмыс уақытының ұзақтығы жастарына сәйкес нормадан аспауы қажет.

104. Ата-аналар (оларды алмастырушы тұлғалар) құқылы:

- баланың мүдделерін және заңды құқығын қорғауға;

- оқу түрін таңдауға;

- басқару жұмыстарына ата-аналар комитеті арқылы қатысуға;

- оқушының үлгерім бағасымен және тәртібімен, сондай-ақ білім беру жүйесінің мазмұнымен және барысымен танысуға;

- білім беру істерін реттейтін мекеме Жарғысымен және басқа да құжаттармен танысуға;

- оқушылардың білім алуындағы қиындық келтірген, қиындық туғызған мәселелер туралы кеңестер алуға.

105. Ата-аналар (оларды алмастырушы тұлғалар) міндетті:

- өз баласын тәрбиелеуге және оқытуға, дені сау болуына және өмір қауіпсіздігіне жағдай жасауға;

- олардың ой-өрісінің және дене тұлғасының дамуын, адамгершілік қасиетінің қалыптасуын қамтамасыз етуге;

- мектепалды даярлық тобында болуын қамтамасыз етуге;

- баласының мектептегі сабақтарға толық қатысуын қамтамасыз етуге;

- оқушылардың академиялық бережақтарын жоюын қамтамасыз етуге;

- мектеппен бірлесе отырып жұмыс істеуге және ата-аналар жиналыстарына қатысуға.

## 12. Мекеме жанындағы интернаттың жұмыс жүйесі

106. « Қызылжар жалпы орта білім беретін мектептің » жанында Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңының 6 бабына сәйкес жалпы білім беретін мектептері жоқ шалғай ауылдарда тұратын оқушылардың білім алу құқына жағдай туғызу және бала тәрбиелеуде жанұяға жәрдем беру мақсатында интернат ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 13 ақпандағы № 60 бұйрығы «Интернаттық білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» қосымшасына сәйкес жалпы білім беретін мектеп жанындағы интернат - тиісті

білім беретін мектептері жоқ елді мекендерде тұратын оқушылардың жалпы орта білім алуын қамтамасыз етеді.

### 13. Интернаттық білім беру ұйымының қызметін ұйымдастыру

107. Интернаттық білім беру ұйымдарының негізгі қызметі:

- 1) балалардың білім алуы үшін жағдайлар жасау, зияткерлік, тұлғалық, әлеуметтік, дене, шығармашылық дамуын қамтамасыз ету;
- 2) 2012 жылғы 23 тамыздағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1080 қаулысымен бекітілген Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламаларын, мамандандырылған және арнайы жалпы білім беру, қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламалары негізінде іске асыру;
- 3) жалпы орта білім алуға білім алушылардың жайлы және қауіпсіздік өмір сүру жағдайын қамтамасыз ету болып табылады.

108. Интернаттық білім беру ұйымдарына жатын орын беріле отырып жалпы орта білім алу қамтамасыз етіледі:

жалпы білім беретін мектеп жанындағы интернат – тиісті түрлері мен білім беру деңгейіндегі жалпы білім беретін мектептері жоқ елді мекендерде тұратын балаларды қабылдауды жүзеге асырады; / және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы "Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы" № 320 қаулысына (бұдан әрі – ҚР Үкіметінің № 320 қаулысы) сәйкес мемлекеттік жәрдемақы алатын отбасылар балаларының, мемлекеттік әлеуметтік көмек алмайтын отбасылар балаларының, ата-анасы немесе оларды алмастыратын тұлғалардың өмір сүру жағдайы, еңбегі, денсаулық жағдайы бойынша отбасыларға көмек берілетін, ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен кіріс кіретін отбасылар балаларының жалпы орта білім алуын қамтамасыз етеді;

109. Интернаттық білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесі Жалпы орта білімнің жалпы орта білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларына және осы Үлгілік қағидаға, ішкі тәртіптің жарғысы мен қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

110. Медицина қызметкері балалардың денсаулығын нығайту бойынша профилактикалық іс-шараларды өткізуді, интернаттық ұйымдардың санитарлық-гигиеналық жай-күйі мен тамақтануды бақылауды, балалардың келуіне орай жұмыстың гигиеналық негізделген режимін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

111. Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 320 қаулысына сәйкес оқушылар киіммен, аяқ киіммен, жұмсақ мүкәммалмен, жеке гигиеналық заттармен, оқулықтармен, ойыншықтармен қамтамасыз етіледі.

112. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 6-бабына сәйкес балалардың ерекше жеке қажеттіліктерін ескере отырып, мектеп-интернаттарын

материалдық-техникалық қамсыздандыру, жағдай тудыру, жарақтандыру және жабдықтау жергілікті атқарушы органдармен іске асырылады.

#### 14.Интернатқа қабылдау тәртібі

113. Тәрбиеленушілерді интернатқа қабылдау тамыз айының 1-нен бастап жүзеге асырылады.

Босаған орынға бала қабылдау оқу жылы ішінде жүргізіледі.

114. Интернатқа қабылдауға қажетті құжаттар: ата-аналардың жұмыс орындарынан олардың материалдық-тұрмыс жағдайлары туралы анықтама, тууы туралы куәліктің көшірмесі, баланың денсаулығы жөніндегі анықтама, оқушының жеке қағаздары, ата-анасының баланы интернатқа қабылдау туралы өтініші.

115. Мектеп жанындағы интернаттарда балаларға берілетін тағамдармен жеткілікті қамтамасыз ету үшін мектеп жанындағы оқу-тәрбие учаскесінің, қосымша шаруашылықтың өнімдерін пайдалануға болады.

#### 15. Оқу-тәрбие жұмыстары және тәрбиеленушілердің жағдайын ұйымдастыру

116. Мектеп жанындағы интернатта тұратын оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу Қазақстан Республикасы Білім министрлігі бекіткен бағдарламалар мен жоспарларға сәйкес жүргізіледі.

117. Тәрбиеленушілердің әралуан тәрбиелік мәні бар еңбек, спорт, мәдени-көпшілік жұмыстарға қатысуы өз еркімен, ынтасымен және дербестілік негізінде жүзеге асырылады. Тәрбиеленушілер ұжымының жұмысы оқушылардың өзін-өзі басқару негізінде жүргізіледі. Мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, тәрбиешілер тәрбиеленушілердің ынтасын, балалар және жасөспірімдер ұйымдарының, оқушылар бірлестігінің белсенділігін жүзеге асыруға жағдай жасап отырады.

118. Мектеп жанындағы интернат тәрбиеленушілері музыка, көркемөнер және спорт мектептерінің сабақтарына кәсіподақ, мәдени-ағарту, мектептен тыс және басқа мекемелер ұйымдастырған түрлі үйірмелер мен секцияларға, сонымен қатар мектеп оқушыларымен бірге түрлі конкурстарға, олимпиадаларға, спартакиадаларға, көрмелерге қатыса алады.

119. Оқу жылы бойына тәрбиеленушілердің ішінен құрамында түрлі комиссия төрағалары (оқу, мәдени көпшілік, шаруашылық, тазалық т.б.) бар интернат кеңесі сайланады.

Интернатта оқушылар саны 25-тен жоғары болса, староста және оның бір-екі көмекшісі сайланады.

Тәрбиешінің басшылығымен кеңес мүшелері интернатта, асханада кезекшілікті ұйымдастырады, өзіне-өзі қызмет ету жұмыстарының белгіленген күн тәртібінің орындалуын қадағалайды, үлгерімі нашар оқушыларға көмектесіп, тәрбиеленушілердің бос уақытын көңілді өткізуіне ықпал етеді. Оқу жылының

материалдық-техникалық қамсыздандыру, жағдай тудыру, жарақтандыру және жабдықтау жергілікті атқарушы органдармен іске асырылады.

#### **14.Интернатқа қабылдау тәртібі**

113. Тәрбиеленушілерді интернатқа қабылдау тамыз айының 1-нен бастап жүзеге асырылады.

Босаған орынға бала қабылдау оқу жылы ішінде жүргізіледі.

114. Интернатқа қабылдауға қажетті құжаттар: ата-аналардың жұмыс орындарынан олардың материалдық-тұрмыс жағдайлары туралы анықтама, тууы туралы куәліктің көшірмесі, баланың денсаулығы жөніндегі анықтама, оқушының жеке қағаздары, ата-анасының баланы интернатқа қабылдау туралы өтініші.

115. Мектеп жанындағы интернаттарда балаларға берілетін тағамдармен жеткілікті қамтамасыз ету үшін мектеп жанындағы оқу-тәрбие учаскесінің, қосымша шаруашылықтың өнімдерін пайдалануға болады.

#### **15. Оқу-тәрбие жұмыстары және тәрбиеленушілердің жағдайын ұйымдастыру**

116. Мектеп жанындағы интернатта тұратын оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу Қазақстан Республикасы Білім министрлігі бекіткен бағдарламалар мен жоспарларға сәйкес жүргізіледі.

117. Тәрбиеленушілердің әралуан тәрбиелік мәні бар еңбек, спорт, мәдени-көпшілік жұмыстарға қатысуы өз еркімен, ынтасымен және дербестілік негізінде жүзеге асырылады. Тәрбиеленушілер ұжымының жұмысы оқушылардың өзін-өзі басқару негізінде жүргізіледі. Мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, тәрбиешілер тәрбиеленушілердің ынтасын, балалар және жасөспірімдер ұйымдарының, оқушылар бірлестігінің белсенділігін жүзеге асыруға жағдай жасап отырады.

118. Мектеп жанындағы интернат тәрбиеленушілері музыка, көркемөнер және спорт мектептерінің сабақтарына кәсіподақ, мәдени-ағарту, мектептен тыс және басқа мекемелер ұйымдастырған түрлі үйірмелер мен секцияларға, сонымен қатар мектеп оқушыларымен бірге түрлі конкурстарға, олимпиадаларға, спартакиадаларға, көрмелерге қатыса алады.

119. Оқу жылы бойына тәрбиеленушілердің ішінен құрамында түрлі комиссия төрағалары (оқу, мәдени көпшілік, шаруашылық, тазалық т.б.) бар интернат кеңесі сайланады.

Интернатта оқушылар саны 25-тен жоғары болса, староста және оның бір-екі көмекшісі сайланады.

Тәрбиешінің басшылығымен кеңес мүшелері интернатта, асханада кезекшілікті ұйымдастырады, өзіне-өзі қызмет ету жұмыстарының белгіленген күн тәртібінің орындалуын қадағалайды, үлгерімі нашар оқушыларға көмектесіп, тәрбиеленушілердің бос уақытын көңілді өткізуіне ықпал етеді. Оқу жылының

соңында интернат кеңесі тәрбиеленушілердің жалпы жиналысында өз жұмыстары жайлы есеп береді.

120. 5-11 класс оқушылары өздері тұратын интернат пен оның ауласын таза ұстауға, өзіне-өзі қызмет етуге байланысты барлық жұмысты орындауға міндетті, сабақтан тыс уақытта мектеп директорының немесе интернат меңгерушісінің басшылығымен шаруашылық жұмыстарына қатысады.

Балалар денсаулығына қауіпті (санитарлық жүйелерді тазалау, терезелерді жуып-сүрту, шатырдағы қарды түсіру, жылу жүйелерінде жұмыс жасау т.б.) жұмыстарға оқушыларды жұмсауға рұқсат етілмейді.

## 16. Интернат тәрбиеленушілерінің құқықтары мен міндеттері

121. Интернат тәрбиеленушілері, яғни тұрмыстық жағдайының жақсы, қолайлы болуына құқылы. Күнделікті сабаққа дайындалуға мүмкіндігінің жеткілікті болуы және мәдени деңгейін көтеріп, спортпен айналысуға мүмкіндік алуға, интернат өміріне араласуға, өзін-өзі басқару жүйесіне қатысуға құқылы.

122. Интернатта тәрбиеленушілер СЭС қызметкері белгіленген нормаға сәйкес толыққанды тамақтауға құқылы, егер ата-ананың еңбекақысы жеткіліксіз болса, ол туралы заңды орындарда (жергілікті кеңес орындарынан) анықтама қағаз тапсырып, ақысыз тамақтануға құқылы.

123. Демеушілердің көмегімен жаңа жылдық сыйлықты ақысыз, тегін алуға құқылы.

Интернат тәрбиеленушілерінің міндеттері

-Мектеп кеңесі мен интернат Жарғысы бекіткен оқушыларға арналған ережені қатаң сақтауға;

-интернат тәрбиеленушілерінің талаптарына бағынуға;

-интернат ғимараты мен интернат бөлмелерінің таза болуына көңіл бөліп, тазалығына өз үлестерін қосуға;

-интернат мүлкін көздің қарашығындай сақтауға ;

-кішілерге қамқор болуға ;

-салауатты өмір салтын ұстануға;

-мәдениет деңгейін көтеруге ;

-қоғамға жат мінез-құлықтардан аулақ болуға;

-денсаулығын шыңдауға ;

-спортпен шұғылдануға ;

- қоғамдық жұмыстарға өзін берсенді түрде дайындауға міндетті.

Интернат тәрбиеленушілеріне тыйым салынады:

124. Интернатқа қару-жарақ, спирттік ішімдіктер мен темекі өнімдерін, наркотикалық және улы заттарды әкеліп, қолдануға;

125. Тәрбиеленушілер арасында кездесетін түсінбеушілікті шешу үшін күш қолданып, зорлық-зомбылық көрсетіп және айналасындағы қорқытатындай қауіпті әрекеттер жасап, яғни қасақана итеріп жіберу, қолына түскен затты лақтырып, жарақат түсіруге, қашып кетуге.

### **17. Мектептің жанындағы интернаттың материалдық –техникалық қызметінің қаржымен қамту көздері**

126. Мектеп жанындағы интернаттың қаржылық көзі мемлекеттік бюджет және жергілікті нормативтік қаржыландыру , әр тәрбиеленушіге шаққандағы шығын мөлшері арқылы жүзеге асады.

127. Мектеп жанындағы интернат ҚР Заңнамасында бекітілген , мектеп жарғысында көрсетілген қосымша ақылы білім қызметтерін алуға құқылы және бұл қызметтің ақысы мен жұмысын ҚР Заңнамасына сәйкес анықтайды.

128. Бұл қызметте түскен кірісті Жарғыға қатысты ұйымдар қарастырады.

129. Ерікті түрде заңды және жеке тұлғалардың қаржылай көмек беруі.

130 . ҚР Заңнамасына сай басқа да қаржы көздері.

### **18. Мекеменің жұмыс тәртібі**

131. Мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

### **19. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

132. Мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Құрылтайшының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

133. Мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

### **20. Мекемені қайта құру мен тарату шарты**

134. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

### **21. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы ақпарат**

135. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

парақта тігілген және нөмірленген

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің «Қызылжар» жеңіл орта білім беретін мектебі»  
(мектеп жанындағы интернационалдық коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
директоры Умирзакова З.Т.

